

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

Білім беретін, ғылыми, танымдық,
жарнамалық басылым

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік

Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

Смарт бала – заманауи дәуір баласы

КОНДЫБАЕВА БАКЫТГҮЛ АБЕНОВНА
Шығыс Қазақстан Облысы Зайсан қаласы. Дайыр ауылы.
«Мукарама атындағы мектеп-балабақша кешені»
Тәрбиеші

Мақсаты:

- Баланың мамандықтар туралы түсінігін кеңейту;
- Өз қалауы бойынша ойнау, зерттеу, әңгімелесу дағдыларын дамыту;
- Ақпараттық технологияны (QR-код, AR) тиімді қолдану арқылы қызығушылығын арттыру.

Әдіс-тәсілдер: ойын, сұрақ-жауап, зерттеу, топтық жұмыс, технологиямен танысу

Құралдар: "Жанданатын қорапша" – әртүрлі мамандықтарға арналған заттар (QR-коды бар), планшет немесе телефон (сканерлеу үшін), маман киімдері, құрылғылар, ойыншық құралдар.

1. Ұйымдастырылған іс -әрекет

- Шаттық шеңбері: «Мен кім болғым келеді?»
- Балалар кезекпен өз армандаған мамандығын атайды.

2. Қызығушылықты ояту

- "Сиқырлы қорапша " (жанданатын қорапша) көрсетеді.
- Балалар мына әдемі қорапшалар арқылы сендер әр мамандықтар туралы танысасыңдар .
- Шаштараз болып ұл балада , қыз балада бола алады .
- Шаштараз адамдардың шаш үлгісін өзгертіп ,оларға әр түрлі күтім көрсетеді.
- Аспазшы мамандығы түрлі дәмді тамақтар пісіреді.
- Тамақтардың түрлері өте көп және де әр ұлттың тамақтары алуан түрлі .
- Тігінші мамандығы әдемі сән үлгілерін қолданып киім тігеді.
- Жедел жәрдем мамандығы, адамдар ауырып қалғанда алғашқы көмекті көрсетеді.
- Олар күніз де ,түнде де жұмыстарын тоқтаусыз атқарады .
- Сергіту сәті
- «Қара жорға» әні(балалар қара жорға биін тәрбиешіге қарап қайталайды)
- Жарайсыңдар балалар қандай әдемі қазақтың ұлттық биін биледіңдер.
- Балалар мына қорапшалардың ішінде «Менің отбасым» қорапшасы да бар.
- Сендер әр үйден осы балабақшаға келесіңдер.
- Сендердің әже,ата,мамаларың,папаларың аға,бауыр,қарындастарың бар, міне сол үйдің адамдары сендердің отбасыларың.
- Қорапшалардың көптігінің сонша мұнда сандар қорапшасы да бар екен.
- "Смарт бала – заманауи дәуір баласы жанданатын қорапша (AR технологиясы) қолданылады

– Әр бала өзі таңдаған мамандық бойынша қораптың сыртындағы QR-кодын сканерлейді.

– Телефон арқылы сол мамандық туралы 3D сурет немесе қысқа бейне көрінеді.

3. Зерттеу және ойын

– Балалар 2-3 адамнан топтасып, өздері қалаған мамандық бұрышына барады.

– Сол жерде рөлдік ойын ойнайды (дәрігер – емдейді, аспаз – тамақ жасайды).

– Тәрбиеші бақылап, қажетті бағыт береді, сұрақтар қояды:

«Бұл маман не істейді?», «Саған бұл рөл ұнай ма?», «Неліктен таңдадың?»

4. Еркін шығармашылық бөлімі

– Балалар өз мамандығына байланысты сурет салады немесе құрал жасап көреді.

– Қалағандары қысқа көрініс ойнап көрсетеді.

5. Қорытынды

– «Маған не ұнады?» – балалар өз әсерімен бөліседі.

– «Смарт бала қандай болады?» – қысқа пікірлер.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар мамандықтар жайлы нақты әрі бейнелі түсінік алады.

- Өз еркімен таңдау жасауға, топпен ойнауға, сөйлеуге дағдыланады.

- Технологиямен қауіпсіз, тиімді жұмыс істеуді үйренеді.

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі

КОНАЕВА МАЙГУЛ КАНАЕВНА

**Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы,
"Ерке А-Я" бөбекжай бақшасының әдіскері**

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылуы туралы зор мақсаты тұр. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент Жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды. Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі.

Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты—оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

Daily meals: What is Rob-eat?

ШАРХАН АРЗУ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ
Атырау қаласы, Жалпы білім беретін
Алмалы орта мектебінің
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Unit 5: Food and drinks		Lesson 34	
School:			
Teacher's name:			
Date: 14.01.26			
Grade: 4		Number present:	absent:
Lesson title	Daily meals: What is Rob-eat?		
Learning objectives	4. 1. 2. 2 recognise words similar to words in a student's native language; 4. 2. 2. 1 use short phrases and statements to provide factual personal information; 4. 5. 1. 7 use demonstrative pronouns this, these, that, those in short statements, in open and closed questions and responses; 4. 5. 1. 10 use common simple present forms, including short answer forms contractions on a growing range of familiar topics;		
Lesson objectives (assessment criteria)	Learners will be able to: - to talk about food - to ask and answer about countable and uncountable nouns - to ask for food and order food - to talk about objects that are near us or at a distance from us Instilling values of the program “Birtutas tarbiye” being Adal Azamat for month January “Law and Order”		

Stages/ Time	Teachers actions	Students actions	Assessment	Resources
Beginning of the lesson 5 min	Organization moment : 1.Greeting. <u>Warm-up</u> Show a picture of a robot. Ask: <i>Is this a boy or a robot?</i> <i>Do robots eat food?</i> Tell pupils: <i>Let's find out what Rob eats!</i>	Learners identify characters and potentially share details from the previous lesson.	Teacher evaluate pupils with phrases like: "Good job! Well done!" <i>Formative Assessment</i>	
Middle of the lesson Presentati on part. 7 min	Ex:1 P: 6 Ask pupils to look at the pictures in the vocabulary section. Play the recording. Pupils listen, point to the corresponding pictures, and repeat the words. Play the recording a few times if necessary. Monitor pronunciation and help where needed. Say the words again in random order. Pupils point to the correct pictures and repeat the words. Praise clear pronunciation and good listening. Differentiation <i>Weaker class:</i> Allow pupils to only point if speaking is difficult. <i>Stronger class:</i> sk confident pupils to: say the word without pointing Values Link – Adal Azamat: Following Rules Follow school rules. Listen to teachers. Obey classroom instructions. <i>Example:</i> "I raise my hand before speaking."	Learners listen, point and repeat. Say the words in your language.	<u>Descriptor:</u> - recognise new food vocabulary - match spoken words to pictures - show understanding by translating into L1 Point 2	

10 min	Ex: 2 P: 56 Ask Ss to tell you what they think is happening. (Tom, Mia, Leo and Zippy see a vending machine and, suddenly, they hear a voice coming from the vending machine. Zippy and the children realise it's a robot. His name is Rob-eat and they can order food from him. Leo orders an omelette, Mia orders a chicken and cheese sandwich, Tom orders some pasta and Zippy orders some ice cream. Rob-eat prints out the orders and the children are surprised because they are in the form of paper. In the end, Rob-eat uses his laser and the printouts turn into real food that looks delicious. Zippy and the children are amazed.) Differentiation <i>Weaker class:</i> Ask Yes / No or choice questions: <i>"Is it a robot or a boy?"</i> <i>Stronger class:</i> Ask confident pupils to use full sentences: <i>"They see a robot vending machine."</i> Values Link – Adal Azamat: Respect for Others Respect classmates and adults. Respect public property. Respect different opinions. <i>Example:</i> <i>"I will not shout or fight."</i>	Pupils listen and answer: What is Rob-eat? Then read	<u>Descriptor:</u> - describe what they see in pictures - understand the main idea of the story Total: 3 point	
----------------------	---	--	---	--

10 min	Ex: 3 P: 57 Explain the activity clearly. Tell pupils to read the sentences carefully. Explain that they must refer to Activity 2. Pupils complete the sentences with the correct words. Allow pupils enough time to work individually. Ask pupils to compare their answers in pairs. Walk around the classroom and provide help where necessary. Check the answers together as a class. Ask pupils to read the completed sentences aloud. Praise correct answers and good cooperation. Differentiation <i>Weaker class:</i> Do the first sentence together as a class. <i>Stronger class:</i> Ask pupils to find the sentence in Activity 2 that helped them <i>"I like chocolate. It tastes sweet."</i> Values Link – Adal Azamat: Responsibility Take responsibility for actions. Accept consequences. Correct mistakes. <i>Example:</i> "I broke the rule. I will say sorry."	Learners read activity 2 again and complete the sentences Key 1. robot 2. omelette 3. pasta 4. ice cream 5. chicken and cheese	<u>Descriptor:</u> - read sentences for specific information - refer to another activity to find answers Point 3	
8 min	Ex: 4 P: 57 Explain to the pupils that they are going to listen to the recording. Tell them they must tick (✓) the correct picture. Ask pupils to look at the pictures	Learners listen and tick (4). What do they want? Key 1. b 2. b	<u>Descriptor:</u> - listen for specific information - match spoken language to	

first. Name the items briefly to make sure everyone understands. Play the recording for the first time. Pupils listen and choose the correct picture. Play the recording a second time. Pupils listen again and check or complete their answers. Ask pupils to compare their answers in pairs. Walk around the classroom and provide help where necessary. Check the answers together as a class. Ask pupils to say: <i>"Number 1 is ..."</i> Praise good listening and careful work. Differentiation <i>Weaker class:</i> Use L1 to clarify instructions if necessary. <i>Stronger class:</i> Ask confident pupils to say a full sentence: <i>"I ticked picture A."</i> Values Link – Adal Azamat: Responsibility Take responsibility for actions. Accept consequences. Correct mistakes. <i>Example:</i> "I broke the rule. I will say sorry." Reading Literacy (Оқу сауаттылық) Compare – Rob and Me Pupils say: • <i>Rob eats ... for breakfast.</i> • <i>I eat ... for breakfast.</i>		pictures Point 2	
---	--	-----------------------------	--

	Pair work or whole class. Cross-Curricular Links • Science: healthy food • PSHE: daily routine • Art: drawing characters			
End of the lesson 5 min	Learners provide feedback on what they have learned at the lesson.	Ss evaluate each other and encourage classmate with phrases like: Well done! Brilliant! Good job! I like it!	Poster Success 	

Кестеден тыс көбейту және бөлу

ЖУНУСОВА АЙГЕРИМ ЖАНБУЛАТОВНА
 Атырау қаласы, Жалпы білім беретін
 Алмалы орта мектебінің
 бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Математика		
Бөлім:		Өнер. 3А Кестеден тыс көбейту және бөлу		
Педагогтің аты-жөні:		Жунусова Айгерим Жанбулатовна		
Күні:				
Сынып: 3 « »		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№88 Кестеден тыс көбейту және бөлу. Бекіту		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану 3.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$, $(24 \cdot 3):x=6$, $x:(17 \cdot 2)=2$, $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу		
Сабақтың мақсаты:		-100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдана алады; -көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$, $(24 \cdot 3):x=6$, $x:(17 \cdot 2)=2$, $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шеше алады.		
Құндылықты дарыту		Қаңтар айы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Әділ заң-болашақ кепілі»		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері:	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау
Басы 10 мин	I.Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді. «Нейро жаттығу» Тақтада көрсетілген суреттер бойынша амандасады. II.Үй тапсырмасын тексеру		Оқушылар психологиялық ахуалын тудыру үшін жаттығу жасау	Ауызша мадақтау» әдісі: Жарайсың! Тамаша! Жақсы!
				Ресурстар
				1-слайд  слайд 2

бөліктерін салыстыр. Қорытынды жаса. А) $90:15=6$ $84:12=7$ $72:18=4$ $69:23=3$ $6*15=90$ $7*12=84$ $4*18=72$ $3*23=69$ $100:25=4$ $63:21=3$ $96:32=3$ $96:48=2$ $4*25=100$ $3*21=63$ $3*32=96$ $2*48=96$ Ә) $900:15=60$ $840:12=70$ $720:18=40$ $690:23=30$ $60*15=900$ $70*12=840$ $40*18=720$ $30*23=690$ $1000:25=40$ $630:21=30$ $960:32=30$ $960:48=20$ $40*25=1000$ $30*21=630$ $30*32=960$ $20*48=960$ 4-тапсырма. Топтық жұмыс №4 Сурет бойынша берілген мәліметтерді пайдаланып, есептер құрастыр: 1-топ: А) Кітап-96 бет ?бет Қойын дәптер-24 бет Ш: $96+24=120$ бет Ж: Барлығы 120 бет Ә) Кітап-96 бет Қойын дәптер-24 бет 2 оқушыда ? бет Ш: $(96+24)*2=120*2=240$ бет Ж: 2 оқушыда барлығы 240 бет болды. 2-топ: Б) Кітап-96 бет Қойын дәптер-24 бет,? Есе аз Ш:$96:24=4$ есе аз Ж: кітаптан қойындәптер беті 4 есе аз В) Кітап-96 бет Қойын дәптер-24 бет,? Бет аз Ш:$96-24=72$ Ж: кітаптан қойын дәптер беті 72-ге аз 3-топ: Г) Бір кітапта-96 бет Кітап саны-3 Барлығы -? бет Ш:$96*3=288$ Ж:Барлығы 288 бет Д) Қойын дәптер -24 беттен } 3 дана Кітап-96 беттен 2 дана }	Қорытынды жасайды. Сурет бойынша берілген мәліметтерді пайдаланады. Есептер құрастырады. Есептің шартын құрады. Шешімі мен жауабын жазады. Көбейту тәсіліне қарайды. Есептеулерді жалғастырады. Қорытынды жасайды.	көбейтуге берілген өрнекті есептейді және тексереді;(1 б) -А) және Ә) бөліктерін салыстырады және қорытынды жасайды.(1 б) Дескриптор: - Сурет бойынша берілген мәліметтерді пайдаланады; (1б) -Есептер құрастырады.(1б) Дескриптор	Слайд 6 Слайд 7 Слайд 8
--	---	--	--

	? бет Ш: $24 \cdot 3 + 96 \cdot 2 = 264$ бет Ж: Барлығы 264 бет ЕБҚ тапсымасы 2-тапсырма Есепті азайтудың қимасымен шығар. а) Мектептердің асханасына тарату үшін 50 жәшік алма сатып алынды. Егер әр мектепке 10 жәшік алмадан таратылса, онда неше мектеп алма алады? ә) Мектеп асханасына тамақтану үшін 33 оқушы келді. Егер әр үстелге 11 оқушыдан отыратын болса, онда неше үстел қажет болады? 5-тапсырма. Жұптық жұмыс №5 Көбейту тәсіліне қара. Есептеулерді жалғастыр. Қорытынды жаса. $111 \cdot 2 = 222$ $111 \cdot 6 = 666$ $111 \cdot 3 = 333$ $111 \cdot 7 = 777$ $111 \cdot 4 = 444$ $111 \cdot 8 = 888$ $111 \cdot 5 = 555$ $111 \cdot 9 = 999$ 6-тапсырма. Математика күнделікті өмірде (Ф.С) №8 Демалысқа шыққан 5 дос бала бір-біріне фотосуреттерін берді. Әр бала достарының әрқайсысына бір фотосуреттен таратты. Ол үшін балаларға қанша фотосурет қажет болды? Бала-5 Таратты-1 ф. Ш: $5 - 1 = 4$ Қажет-? Ф. Ж: әр балаға 4 фотосурет қажет болды.	Балаларға қанша фотосурет қажет болғанын табады.	р: -Көбейту тәсіліне қарайды;(16)) Есептеулерді жалғастырып, қорытынды жасайды.(16)	
Соңы 10 мин	Сабақты бекіту. Үйге тапсырма. №7 21 бет Рефлексия 	Бүгінгі сабақта алған білімдері бойынша рефлексия жасайды	Оқушылар 1-10 балдық жүйемен бағаланады.	Слайд 9 Слайд 10

**Жобалық оқыту технологиясын
қазақ тілі сабақтарында қолдану**

КАРМАНОВА ТЛЕКТЕС ЕКПИНОВНА

**Бастауыш сынып мұғалімі. Зерттеуші-педагог
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ақкөл жалпы орта мектебі**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, өз бетімен ойлай алатын, өмірде кездесетін түрлі жағдаяттардан шығу жолын таба білетін тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – **жобалық оқыту технологиясын** оқу үдерісіне енгізу. Бұл технология оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, өз бетімен ізденуге, талдауға, шешім қабылдауға үйретеді.

Жобалық оқыту – оқушының белгілі бір тақырып аясында нақты мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін дербес және топпен жұмыс істеу арқылы зерттеу, талдау, жоспарлау, нәтижені қорғау сияқты кезеңдерді қамтитын әрекет түрі. Яғни, бұл технологияның басты ерекшелігі – **оқушының белсенді қатысуы**, білімді дайын күйінде алмай, оны өз тәжірибесі арқылы игеруі.

Бастауыш сынып – баланың оқу әрекеті мен тұлғалық қасиеттерінің негізі қаланатын маңызды кезең. Осы жаста оқушылардың дүниетанымы, сөздік қоры, тілдік сауаттылығы қалыптасып, шығармашылық қабілеттері дами бастайды. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында жобалық оқыту технологиясын қолдану өте өзекті. Бұл технология арқылы оқушылар тілді тек грамматикалық ереже түрінде емес, **өмірлік тәжірибемен байланыстыра** үйренеді.

Жобалық оқыту технологиясының басты мақсаты – оқушылардың зерттеу және шығармашылық дағдыларын қалыптастыру, өз ойын еркін жеткізуге, ақпаратты талдап, оны тиімді пайдалануға үйрету. Мысалы, «Менің отбасым», «Менің сүйікті тағамым», «Туған өлкем», «Табиғатты қорғау» сияқты жобалар арқылы оқушылар өз тәжірибесінен мысал келтіріп, ауызша және жазбаша тілін дамытады, жаңа сөздер мен құрылымдарды табиғи ортада қолдануға машықтанады.

Жобалық әдістің тиімділігі оның **пәнаралық байланыс орнату мүмкіндігінде**. Қазақ тілі пәнін әдебиеттік оқу, дүниетану, музыка, бейнелеу өнері пәндерімен байланыстыра отырып, оқушыларға тілдік материалды өмірмен ұштастыруға жағдай жасайды. Мәселен, «Жануарлар әлемі» тақырыбындағы жобада оқушылар жануарлар туралы мәлімет жинап, мәтін құрап, сурет салып, қысқаша баяндама жасайды. Осы арқылы тілдік, танымдық және шығармашылық қабілеттері қатар дамиды.

Сонымен қатар жобалық оқыту технологиясы оқушылардың **ынтымақтастықта жұмыс істеуін**, өзара пікір алмасуын, топтық шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады. Мұғалімнің рөлі – бағыт беруші, кеңесші, ал оқушы – белсенді ізденуші, зерттеуші. Бұл тәсіл оқыту процесін тұлғаға бағыттайды және «оқушы – білімнің иесі» қағидасын жүзеге асырады.

Қазақ тілі сабақтарында жобалық технологияны қолдану оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, **рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды дәріптеуіне** ықпал етеді. Мысалы, «Туған жерге тағзым» немесе «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбындағы жобалар оқушылардың ана тіліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттырады.

Жобалық оқыту технологиясы – бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабақтарының сапасын арттырудың, оқушылардың қызығушылығын оятудың және функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді әдісі. Бұл тәсіл арқылы оқушылар тілді тек пән ретінде емес, **қарым-қатынас пен шығармашылық құралы ретінде** меңгереді. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі үшін жобалық оқыту технологиясын сабақта қолдану – кәсіби шеберліктің, педагогикалық жаңашылдықтың және сапалы білім берудің кепілі.

Мақсаты:

Бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабақтарында жобалық оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың тілдік құзыреттілігін, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізе алатын, белсенді тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Жобалық оқыту технологиясының теориялық негіздерін зерделеу және оның қазақ тілі пәніндегі тиімділігін анықтау;
2. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай жобалық жұмыстардың түрлері мен кезеңдерін жүйелеу;
3. Қазақ тілі сабақтарында жобалық тапсырмаларды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін көрсету;
4. Оқушылардың тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуға бағытталған жобалық жұмыстар үлгілерін ұсыну;
5. Мұғалімнің жобалық оқытудағы жетекшілік және бағыттаушы рөлін айқындау;
6. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мен белсенділігін дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар дайындау.

Өзектілігі:

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде басты назар оқушының жеке тұлға ретінде дамуына, оның ойлау, іздену, талдау, өз ойын жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға аударылуда. Жаңа мазмұндағы білім беру стандарттары оқушылардың **функционалдық сауаттылығын** арттыруды көздейді. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту кезінде оқушылардың тілдік материалды өмірмен байланыстыра қолдануға, өздігінен зерттеу мен шығармашылық жұмыс жасауға қызығушылығын дамыту — уақыт талабы.

Сондықтан жобалық оқыту технологиясын пайдалану — оқушыны білімнің пассивті алушысы емес, оны **белсенді құрастырушыға** айналдырудың тиімді жолы. Бұл тәсіл білімді тәжірибемен ұштастырып, оқушылардың коммуникативтік, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін бірдей дамытады.

Жаңашылдығы:

- Жобалық оқыту технологиясы қазақ тілі пәнінде **тілдік әрекет түрлерін біріктіре** отырып (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым), тіл үйретудің жаңа әдістемелік үлгісін ұсынады;
- Оқушының рөлі өзгереді: ол енді тек тыңдаушы емес, **зерттеуші және шығармашыл тұлға** ретінде сабақтың белсенді қатысушысына айналады;
- Тілді меңгеру үдерісі нақты өмірлік жағдаяттармен ұштасады, нәтижесінде **коммуникативтік бағыттағы оқыту** жүзеге асады;
- Пәнаралық байланыс күшейеді — қазақ тілі әдебиеттік оқу, дүниетану, бейнелеу өнері, информатика пәндерімен біріктіріле жүргізіледі;
- Оқу процесіне **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** (онлайн презентациялар, цифрлық ресурстар, бейнематериалдар) кеңінен енгізіледі.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар қазақ тілінде еркін сөйлей алады, ойын жүйелі жеткізуді үйренеді;
- Тілдік нормаларды сақтай отырып, шығармашылық жоба жазу және қорғау дағдыларын меңгереді;
- Өздігінен ақпарат іздеу, талдау, жинақтау және оны ұсыну қабілеттері қалыптасады;
- Қазақ тілі сабағына деген қызығушылық пен белсенділік артады;
- Топтық жұмыс барысында оқушылардың **ынтымақтастық, жауапкершілік және өзін-өзі бағалау дағдылары** дамиды;
- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі артып, оқу үдерісін тұлғалық бағытта ұйымдастыру мүмкіндігі кеңейеді.

МАЗМҰНЫ

- **КОНДЫБАЕВА БАКЫТГҰЛ АБЕНОВНА**
- **КОНАЕВА МАЙГУЛ КАНАЕВНА**
- **ШАРХАН АРЗУ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ**
- **ЖУНУСОВА АЙГЕРИМ ЖАНБУЛАТОВНА**
- **КАРМАНОВА ТЛЕКТЕС ЕКПИНОВНА**